

*Article-submission – Таныстыру мақаласы – Статья-представление*

## **Archival sources in the research of social portrait of Bays of East Kazakhstan**

DOI: 10.31551/2410-2725-2018-4-2-340-348

### **Zhirindinova Kuralay Rymkanovna**

Master of History, Senior teacher of the Department of History of Kazakhstan and social and humanitarian disciplines of S. Amanzholov East Kazakhstan State University. The Republic of Kazakhstan, 070004, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan str., 55. E-mail: kuralaikura@mail.ru

**Abstract.** The characteristic to the archival sources on the basis of analysis of the official documents about Bays of East Kazakhstan is given in the article. There are the confiscated and evicted Bays, family staff, quantity of the confiscated cattle and the property are reflected in these sources. The archival materials of the archive of the President of Kazakhstan, Central state archive of RK, GAVKO and CDNI EKO are used in the article.

**Key words:** archive; Bay; confiscation; eviction; repression; social structure.

## **Шығыс Қазақстан байларының әлеуметтік бейнесін зерттеудегі мұрағат деректері**

### **Жириндинова Куралай Рымкановна**

магистр истории, старший преподаватель кафедры истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин Восточно-Казахстанского государственного университета имени С. Аманжолова. Республика Казахстан, 070004, г.Усть-Каменогорск, ул.Казахстан, 55. E-mail: kuralaikura@mail.ru

**Аннотация.** Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Шығыс Қазақстанның байлары туралы құжаттарға талдау жасаудың негізінде мұрағат деректеріне сипаттама жасалған. Тәркіленген және жер аударылған байлардың тізімдері, отбасы құрамы, тәркіленген мал – мүлкінің саны мен сипаты көрсетіледі. Мақалада Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, ШҚОММ және ШҚО ҚЗТҚО материалдары қолданылып, талдау жасалынған.

**Ключевые слова:** мұрағат; бай; тәркілеу; жер аудару; қуғын-сүргін; әлеуметтік құрылым.

## **Архивные источники в исследовании социального портрета баев Восточного Казахстана**

### **Жириндинова Куралай Рымкановна**

магистр истории, старший преподаватель кафедры истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин Восточно-Казахстанского государственного университета имени С. Аманжолова. Республика Казахстан, 070004, г.Усть-Каменогорск, ул.Казахстан, 55. E-mail: kuralaikura@mail.ru

**Аннотация.** В статье дана характеристика архивным источникам на основе анализа официальных документов о баях Восточного Казахстана. В этих источниках отражены списки конфискованных и выселенных баев, состав семьи, количество конфискованного скота и имущества. В статье использованы архивные материалы архива Президента РК, Центрального государственного архива РК, ГАВКО и ЦДНИ ВКО.

**Ключевые слова:** архив; бай; конфискация; выселение; репрессия; социальная структура.

ӨОЖ/ УДК 94(574.42)

**XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Шығыс Қазақстан байларының әлеуметтік бейнесін зерттеудегі мұрағат деректері<sup>1</sup>***К.Р. Журиндинова*

Қазақ қоғамы өзіне тән әлеуметтік қатынастардың күрделі даму үдерісінен өтті. Кеңестік тарихнамада қазақ қоғамының дамуы капитализмге дейінгі біртұтас қоғамдық-экономикалық формациядан өткендігі қабылданып, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани даму ерекшелігі ескерілмеді. Кеңестік тарихшылардың еңбектерінде қазақ қоғамын зерттеуде таптық қанау, тап арасындағы күрес формасы терең қарастырылды. Сонымен қатар, қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелу мәселесі әлеуметтік топтың экономикалық мүддесі тұрғысынан анықтау орын алды. Бұл жағдайда дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымның саяси және рухани жағынан атқарған тарихи қызметін қарастыру мүмкін болмады.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында көшпелі шаруашылықтың маңызды орын алатыны белгілі. Көшпелі өмір сүру салты қазақ қоғамының саяси құрылысына, әлеуметтік құрылымына, дүниетанымына, мәдениетіне өз әсерін тигізді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында және көшпелі шаруашылықта маңызды орынды негізгі әлеуметтік топ ретінде бай атқарғаны белгілі.

Көшпелі қазақтар арасында байлар қоғамның басым бөлігін құрады. Бірақ та, байлардың ерекше статусы болмаған, сұлтандар арасында да, билер арасында да, қатардағы көшпелілер арасында да байлар болғанын байқауға болады. Басқаша, айтқанда байлардың қоғамда әлеуметтік жағынан біртектес тобы болған жоқ. Сөз жоқ, материалдық игіліктің молдылығы зор пайда келтіріп қоғамдағы беделді айқындап отырды. Солай бола тұрса да, ерекше саяси құқықтар дәулеттің мол болуымен байланыстырылмады. Жекелеген байлардың орны олардың тегімен байланысты айқындалады. Мысалы, әлдебір сұлтанның экономикалық жағынан, тіпті қайыршы болуы да мүмкін еді, бірақ ол заң бойынша қоғамның сол әлеуметтік тобына үнемі бірлесіп иеленуіне берілетін барлық құқықтар мен артықшылықтарды пайдалана алатын. Байлардың әлеуметтік топ ретінде екі ерекшелігі болды: біріншісі – экономикалық, екіншісі – саяси. Ол ең алдымен өзінің байлығы арқылы танымал болып, одан кейін саяси билікке ұмтылды.

Қазақ қоғамындағы өндірістік қатынастарға меншіктің негізгі және бастапқы түрі – малға жеке меншіктік тұрғысынан қараған аса маңызды. Осы заманғы зерттеушілер шаруашылықтардың малмен жалпы камтамасыз етілуі мен табындардың түпкілікті құрамы арасындағы тікелей тәуелділікті айқындады. Байларды көбінде меншігіндегі мал санына байланысты анықтауға болады. Оларда негізінен жылқы, түйе, қой сияқты мал түрлері көбірек болды. Мәселен, XVIII ғасыр ортасының зерттеушісі И.П. Фальк өзінің жазбаларында «Бай қырғыздардың иелігінде бес, тіпті он мың жылқы болды. Мұндай байлар өзінің үйірлеріндегі жылқы санын тіпті дәлдеп білмейді де» – деп көрсетті (Әлеуметтік ұйым Nd).

Қазақ қоғамындағы бай мал иеленушілерінің саны тұтас алғанда онша көп бола қойған жоқ, бірақ олардың меншігіндегі малдың үлесі айтарлықтай зор

<sup>1</sup> Работа выполнена в рамках проекта КН МОН РК: «Память о жертвах политических репрессий (1920-1950-е гг.) и ее фиксация в сакральном ландшафте Казахстана (на примере Восточного Казахстана)». ИРН проекта: AP05130870.

болды. Кейбір қазақтардағы мал санының бұдан да көп болғандығын олардың С.Б. Броневский, А.И. Левшин, В.В. Радлов және басқа замандастары өз еңбектерінде атап өтті. Олардың келтірген мәліметтерінен XVIII – XIX ғасырдың ортасындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуына малдың салыстырмалы түрде аздаған ғана жеке адамдар қолында шоғырландырылу процесі тән болғандығы көрінеді. Алайда, көзбен көргендердің мойындауы бойынша қазақтардың көп бөлігі «өздерін асырау үшін жеткілікті малы болмаған кедей адамдардан» тұрды. Көшпелі халықтың бұл әлеуметтік тобы өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарай тәуелді өндірісшілер қатарына жатқызылуы мүмкін. Өмірлік қажеттіліктерге қарай кедей малшылар өздерінің жұмыскерлік күшін сатуға мәжбүр болды, және сондықтан бай мал иеленушілермен әртүрлі экономикалық қарым-қатынасқа түсіп отырды.

Кеңестік дәуірдегі зерттеулерде жиі талқыланып отырды. Көшпелі қазақ қоғамына қатысты зерттеулерде екі бағыттағы тұжырым қалыптасты. Бірінші бағыт көшпелі қоғамның таптарға бөлінгендігін, әлеуметтік жіктелу болғандығын және оның мемлекетті құрудағы мүмкіндігін ашып көрсетті. Екінші бағыт көшпелі қоғам таптық қоғамға дейінгі деңгейде болды деген пікір білдірді. Бірінші көзқарасты қолдаушылар қазақ қоғамындағы малға немесе жерге қатысты меншік түрінің болуы әлеуметтік жіктелуді қалыптастырды деген ұйғарымдар жасады. Қазақ қоғамында малға қатысты меншік түрінің болғандығын және көшпеліні қанап меншіктеу негізінде жүзеге асқандығын С.Е. Толыбеков және В.Ф. Шахматов зерттеулерінде, жерге қатысты меншік түрінің болғандығын Б.Я. Владимирцов, М.П. Вяткин, Н.Г. Аполлова, К.А. Пищулина, Т. Сұлтанов қарастырған болатын (Қозыбақова 1999: 5). Мұнда қазақ қоғамында жер – өндіріс шарты ғана емес, өндіріс құрал-жабдығы болып табылады деп санады. Дағдылы құқық нормаларына байланысты жерді (жайылымдарды) пайдаланудың қауымдық нысаны сақталған жағдайда, малдың ірі меншік иелері көшіп-қонатын жерлеріне билік етті, іс жүзінде ең жақсы жайылымдарды иеленді, қанау малды меншіктену ғана емес, жерге меншік негізінде де жүзеге асырылды.

Осы бағыттағы көзқарасты қолдаушылар көшпелі тайпалар мен халықтар адамзаттың тарихи дамуының жалпы арнасында жүріп өтіп, өз даму эволюциясында таптық қатынастарға жетті деген тұжырым қабылдады. Қазақ қоғамының формациялық деңгейі патриархаттық-феодалдық қоғам болды деген баға орнығып қалыптасты. Екінші бағыттағы зерттеулердің тұжырымдамасы бойынша көшпелілер ертедегі таптық қоғам немесе дамымаған қатынастар деңгейінде анықталды. Сонымен қатар көшпелілерде әлеуметтік құрылымдар жетілмеген, таптық тартыстың формасы болмады, жеке шаруашылық түрінде ыдырай бастады деп көрсетілді. Көшпелілер мемлекеттік деңгейге өз бетінше жете алмайды, бұл оларда отырықшы шаруашылықты өңірлерді жаулап алу арқылы және осылардың тәуелділігінің нәтижесінде қалыптасуының мүмкін екендігін ұсынды. Номадизмді зерттеушілер арасында көшпелі қоғамды дәріптеушілер немесе оның артта қалушылығын білдіретін пікірлер пайда болды. Көшпелі мәдениеттің отырықшы мәдениетсіз өмір сүруі мүмкін емес деп, кейбір жағдайда екеуін бір-біріне қарсы қою зерттеулерде орын алды. Қазақ қоғамына көшпелі қоғам тұрғысынан қарау жеткіліксіз. Себебі қазақ қоғамы өзінің даму үдерісінде көшпелі және отырықшы мәдениеттің ортақ ұштасуының нәтижесі болды.

Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ қоғамындағы қанаудың негізгі түрі қауым шеңберінде дүние-мүлкіне қарай сараланған жеке адамдардың, бірлескен еңбегінің тап өзі болды. Қауымға кірген әрбір үй қожалығы өзінің, жеке меншігіндегі малының үлесіне қарамастан қауым малын кезектесіп жайып

бақты. Осы бірлесіп атқарған істегі теңдей жұмсалған еңбек пен оның өнімдерін иемдену мен тұтынудың жекелік сыйпаты арасындағы айырмашылық «біреулер үшін қосымша өнім мөлшерін және екіншілері үшін қаналу нормасын құрады». Қанаудың кедей шаруашылықтарға неғұрлым бай шаруашылықтардың уақытша ұстауға мал беретін сауын сияқты түрі де пайдаланылды. Малды жайып бағуға алған кедей көшпелілер өз «қамқоршысының» табынын жақсылап күтуге, ал одан қандай да бір малы өліп қалған жағдайда, бұрын алған сонша малын төлімен бірге қайтаруға міндетті болды (Қозыбақова 1999: 6).

Алайда, өз малын жайып бағуға беретін бай шаруашылықтардың аз болуы себепті сауындық қатынас қауым арасында кең таралым таба алмады. Көшпелілер қауымынан сырт жерлерде кедейленген қазақтардың бай мал иелеріне, орыс қоныс аударушыларына және казактарға, тау кеніштеріндегі, тұз кәсіпшіліктеріндегі және аймақтың өнеркәсіп орындарындағы маусымдық жұмыстарға жалданып күн көруі етек алады. Қауымның қатардағы мүшелері мен бай мал иеленушілер тек өзара бірлесіп белсенді іс-әрекет жасағанда ғана мал шаруашылығының қалыпты дамуы қамтамасыз етілетін. Себебі, бай көшпелілермен бірлесу кедейлерге күнделікті тамағын тауып жейтіндей, отбасын асырай алатындай қажетті күнкөрістік жағдай туғызды, ал бай жекешелер бұл бірлесу арқылы өзінің иелігіндегі мал санын көбейту мақсатындағы талпынысын іс жүзіне асыруға толық мүмкіндік алды (Жумабаева 2000: 58). Осылайша қазақ қоғамының екі табы бір-бірлерін өзара толықтырып, бірыңғай әлеуметтік-экономикалық комплекстің құрамдас бөліктері ретінде көрінді. Әлеуметтік стратификация қазақ қоғамында еңбекті және әлеуметтік-экономикалық дифференциацияны қоғамдық бөлу процессі өзінің ұсынысымен қоғамдық пайдалы қызметтің құрылымында әртүрлі функциялардың және рөлдердің күрделі спектрінде көрінетін әлеуметтік институттар мен басқыштаушылықтарды ресімдеуде ие болды.

Қазақ қоғамындағы көшпелі шаруашылықта бай мен кедей арасындағы қатынасқа ерекше назар аударуға болады. Себебі, бай ауылдың немесе өңірдің экономикалық қатынасын жүргізуші ғана емес, өзінің туысқан кедей ауылдасының әл-ауқатына да тікелей әсер етті. Малы аз кедей байдың малын бағып, сонымен қатар, сауынға мал алып, өз күнін көре алды. Сондықтан, қазақ ауылының байы большевиктер көрсеткен қанаушы тап емес еді.

Қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етіп, өз шаруашылығын жүргізген байлар ұжымдастыру жылдарындағы тап күресі кезінде, Кеңес өкіметінің негізгі жауына айналды. Сондықтан, Ф. Голощекин «Кіші Қазан» саясаты мен 1928 жылғы байларды тәркілеу саясаты қазақ ауылының негізгі бөлігі болып табылатын байларды жою және жер аудару көшпелі дәстүрлі мал шаруашылығының құлдырауына, қазақ халқының әлеуметтік жағдайының төмендеуіне, соның ішінде аштықтың болуына әсер етті.

Сондықтан, байларды тәркілеуге қатысты мұрағат деректері қазақ байларының әлеуметтік статусын анықтауда тәркілеу кезіндегі жағдайы мен тағдыры туралы толық мәліметтер береді.

Осындай құжаттар Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында, Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман тарихы құжаттар орталығында және Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының 135 қоры – ҚазАКСР Орталық атқару комитетінің жанындағы бай-жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару бойынша орталық комиссияның құжаттары ерекше

назар аударуға тұрарлық. Бұл қорда Шығыс Қазақстанның тәркіленген және жер аударылған 82 байдың шағымдары, анкеталық мәліметтері, отбасы мүшелері, тәркіленген малдарының саны мен мүліктерінің түрлері көрсетіліп, комиссияның шешімдері сақталған.

Мәселен, Шыңғыстау ауданынан Бураханов Сыдык – ірі бай, ірі қараға аударғанда 400-ге жуық малы есепке алынып, 284 бас мал тәркіленген, отбасылық жағдайы – 2 әйелі бар: Мадиша – 63 жаста, Мамиля – 40 жаста; қыздары – Миллят – 8 жаста, Шакен – 7 жаста, Шайзат – 6 жаста, Назикуль – 1 жаста; ұлдары – Абылғазы – 5 жаста, Сунният – 3 жаста<sup>2</sup>.

Тарбағатай ауданынан Богусов Атабай – белсенді атқамінер, Кеңес өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізген, болыс. Мал – мүлкіне келетін болсақ, 660 ірі қара малы, 150 ұсақ мал, 40-50 десятина жері, 5 соқасы, 20-30 шана, 1 үйі, 1 қорасы, 1 моншасы, 1 киіз үйі, 1 шөп шапқыш, 1 кілем, 6 киіз және т.б. болған. Барлығы тәркіленіп, жеке пайдалануға ірі қараға аударғанда 15 бас қалтырылған<sup>3</sup>. Богусов Атабайдың жеке ісінде Мәскеу мемлекеттік университетінің «Құқықтану» мамандығының 5 курсына оқитын ұлы Асқардың өтініші де көрсетілген. Ол комиссия мүшелерінен оқуын бітіргенше, өзін Сырдария уезіне жер аудармауын сұраған болатын, бірақ бұл өтініші қанағаттандырылмаған.

Шыңғыстау ауданынан Базаров Тауфик – ірі бай. 1928 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша ірі қараға ауыстырғанда 194,67 бас малы болған, тәркілеу кезінде 109,93 бас есепке алынып, тәркіленген. Пайдалануға ірі қараға аударғанда 16 бас (7 жылқы, 3 құлын, 3 түйе, 2 тайлақ, 20 қой) қалдырылды. Базаров Тауфик те отбасымен Сырдария уезіне жер аударылды<sup>4</sup>.

Осы қорда сақталған Шығыс Қазақстанның шағымданған 82 бай туралы мәліметтер, олардың әлеуметтік жағдайы туралы айқын көрініс береді. Шағымданған байлардың бір ғана өтініші – жер аудармай, туған жерлерінде қалтыру еді. Бірақ өкінішке орай, бұл шағымдары қанағаттандырылмады.

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатаның 141 қорының 1775 ісінде Семей округі бойынша экспроприацияға жататын адамдардың тізімі берілген<sup>5</sup>.

Бұл тізімде әрбір аудан бойынша 108 бай туралы толық мәлімет беріледі:

Кесте 1. Семей округі бойынша экспроприацияға жататын тұлғалар тізімі  
(Ескертпе: құжат кестесінің көшірмесі, қысқартылып алынды)

Аудан атауы	№	Аты-жөні	Ірі қараға аударғандағы мал саны	Тәркіленді ме және қанша мал тәркіленді	Егістік көлемі (десятина)	Қандай топқа жатады	Батрак саны	Саяси мінездемесі
Тарбағатай ауданы	1	Богушев Хусаин	600	38	-	1 топ	8	Патша өкіметі кезіндегі би
	2	Богушев Нурке	650	42	-	1 топ	20	25 жыл болыс болған
	3	Тогусов Абдульдебен	2750	453	-	1 топ	20	Болыс
	4	Богушев Атабай	680	156	-	1 топ	20	Болыс

<sup>2</sup> ҚР ОММ. 135 – қор, 1 – тізбе, 248 – іс, 3 п

<sup>3</sup> ҚР ОММ. 135 – қор, 1 – тізбе, 230 – іс, 5 п

<sup>4</sup> ҚР ОММ. 135 – қор, 1 – тізбе, 233 – іс, 3 п.

<sup>5</sup> ҚР ПМ. 141 – қор, 1 – тізбе, 1775 – іс, 462 п, 462а п, 463п

Марқакөл ауданы	5	Буткин Нуртазы	324	60	-	1 топ	6	Ықпалды бай
	6	Куанышев Карим	300	60	-	1 топ	3	Ықпалды бай
	7	Бутабаев Габбас	550	-	15	1 а топ	7	Болыс
Зайсан ауданы	8	Аяаов Темирхан	310	1000 сом айыппұл	10	1 а топ	5	Алашорда мүшесі
	9	Бурабаев Гаис	800	Соттал -маған	15	1а топ	5	Ақ банды мүшесі
Қызылтас ауданы	10	Мокатанов Мамырбек	500	Соттал -маған	-	1 б топ	-	Ықпалды бай
	11	Траисов Галиоскар	770	Соттал -маған	-	-	-	Ықпалды бай
Күршім ауданы	12	Жамалсырто в Рахим	310	Соттал -маған	-	16 топ	-	Би
	13	Данияров Тойки	580	Соттал -маған	-	16 топ	-	Бұрынғы би
Шыңғыстай ауданы	14	Сабитов Садык	550	800 сом айып-талған	-	16 топ	5	Саудагер-миллионер
	15	Кугуманов Мадлихан	467	467	-	16 топ	2	Ықпалды байдың баласы, бұрынғы комсомол мүшесі
	16	Байгаков Сагдул	287	287	-	2 топ	3	Молда, қажы
Ұлан ауданы	17	Доешаров Рахим	415	415	5	1а топ	3	Би
	18	Сатыбаев	101	101	-	2 топ	-	Бұрынғы би, күміс медалі бар
Жарма ауданы	19	Ислямов Мубарак	700	700	-	16 топ	3	Болыс
	20	Тугульбаев Акатай	300	-	-	1а топ	1	Саудагер
Шыңғыстау ауданы	21	Сығындыков Мамырхан	380	-	-	16 топ	-	Ықпалды бай, саудагер
	22	Беркболов Мустай	624	-	-	-	4	Ықпалды бай
	23	Сакпаев Кали	153	-	20	1а топ	2	Болыс старшын
	24	Кангожин Ислям	159	-	-	2 топ	3	Болыс, кеңес өкіметіне белсенді қарсы шыққан
	25	Канберин Ибрай	244	-	-	2 топ	3	Сұлтан, алтын медалі бар
Қызылтан ауданы	26	Акмухамбетов Икенче	700	145	-	16 топ	6	Би, Алашорда мүшесі
	27	Аккозин Акимбай	1585	541	-	16 топ	10	Би
	28	Бурухан Сыздық	930	472	-	16 топ	9	Болыс
Бесқарағай ауданы	29	Жиенбаев Қасымхан	380	97	8	1а топ	3	Болыс
	30	Рахимбарлин Жумабай	300	17	10	1а топ	4	Бай
	31	Джанузаков Адилхан	250	60	15	1а топ	3	Саудагер
Бесқарағай ауданы	32	Алин Джантин	320	-	15	1а топ	4	Болыс
	33	Бозылгазин К.	100	-	15	2 топ	2	Би

Семей округінің аудандық атқару комитеттері ұсынған бұл тізімдегі байлардың саяси мінездемесі, олардың әлеуметтік статусын айқындай түскендей. 108 адамның ішінен саяси мінездемесі әртүрлі тұлғаларды көрсетудегі мақсатымыз – мал-мүлкінің саны мен көлеміне қарамастан, тәркілеу мен жер аударуда саяси мінездемесі, яғни, Алашорда мүшесі, болыс, би, кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізуі сияқты іс-әрекеттері де негізгі рөл атқарғандығын дәлелдеу болып табылады.

Сонымен қатар, құжаттар арасында 1928 жылы 30 тамыздағы «Астық дайындау компаниясы кезеңінде сотталған және әлі Семей округтік сотында қайта қаралмаған сотталушылар тізімі» атты мәліметтер бойынша осы тізімдегі байлардың барлығы Қылмыстық кодекстің 62 бабының 1 бөлімі бойынша айыпталып, сотталғандар болып табылады<sup>6</sup>.

Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихы бойынша құжаттар орталығындағы 74 қордың 45 ісі бойынша байлардың тәркіленген малы мен мүлкі және оны бөлу туралы мәліметтер, Семей округінен жер аударылған байлар мен олардың отбасы туралы мәліметтер талданды. Сонымен қатар, аудандық атқару комитеттерінің хаттамаларында әрбір аудандардағы байлардың тізімі, мүлкі және отбасы мүшелері толығымен көрсетіліп, толтырылған. Бұл деректер де Шығыс Қазақстан байларының әлеуметтік бейнесін айқындауға толық мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, арнайы есептеу шараларының нәтижелерінде мал-мүліктері есепке алынып, хаттамаларда көрсетілген. Мәселен, «1928 жылғы 27 тамыздағы тәркілеу бойынша қаулыны жүзеге асыру бойынша комиссия жиналысының» 1928 жылғы 8 қазандағы № 13 хаттамасында Шыңғыстау аудандық комиссиясының шешімдері мен материалдары қаралып, Серғазин Ыдырыстың мәселесі анықталған<sup>7</sup>. Оны ірі бай, рулық топтың басшысы және ықпалды атқамінер ретінде сипаттап, 164 бас ірі қара малы, үйі және бір киіз үйін тәркілеп, жер аудару туралы шешім қабылдаған.

Мұрағат деректерінің ішінде ауылшаруашылығы салығына қатысты мәліметтер де кездеседі. Бұл мәліметтер кеңес өкіметінің ауқатты топтарды жоюға бағытталғандығын дәлелдей түседі. 1928 жылы 31 шілдеде Семей шаруаларының бір тобының атынан Әлмұқанов, Шынғожин, Нұрақов, Бұрақанов, Аманбаев, Қосыбеков және 28 адам қол қойған жедел хат Сталиннің атына жіберіліп, онда жергілікті өкіметтің астық жинау және өзіне-өзі салық салу науқанында жіберілген заңсыздықтар туралы көрсеткен (Қозыбақова 1999: 39). Онда көктемде басталған өзіне-өзі салық салу барысында жем-шөп жоқтығына қарамастан, жергілікті өкімет халықтың малын тегінге өткізіп, жоюы-на себеп болғандығы, яғни үлкен ісек – 2 сом, сиыр – 15 сом, жылқы – 20 сом, киіз үй – 50-100 сомға сатылған, сонымен қатар, «малды жасырды» деген айыппен соттау үрдістері басталған. Көбінде қылмыстық кодекстің 62, 169 баптары бойынша жалған айып тағылған. Міне, осы жағдайларды ашық жазған шаруалар, биліктің бұл әрекеттері халықтың шаруашылығына нұқсан келтіріп жатқандығын нақты көрсетті.

Бұл хаттың негізінде тексеру жүргізу үшін Мәскеуден А.Киселев бастаған комиссия келіп, тексеру барысында заңсыздықтардың беті ашылды. 1928 жылы 9 қыркүйегінде Өлкелік партия Комитетінің бюро мәжілісінде Семей губерниясында астық дайындау және салық жинау науқанында жүргізілген асыра сілтеулер сыналды (Қозыбақова 1999: 40). Соның ішінде салық қысымы шаруаларды күйзеліске ұшыратқаны, жергілікті органдардың зорлық – зомбы-

<sup>6</sup> ҚР ПМ. 141 – қор, 1 – тізбе, 1775 – іс, 445 п.

<sup>7</sup> ШҚО ҚЗТҚО. 74 – қор, 1 – тізбе, 45 – іс, 130 п.

лығына шыдамаған қазақ малшыларының Қытайға көшуіне мәжбүр етіп, Зайсаннан 22 мың бас ірі қара малмен 400 шаруа отбасы Қытай асқан.

Бұл кемшіліктердің барлығын комиссия Губком хатшысы Беккерге жабады, яғни «осы заңсыздықпен кәмпескелеу шаралары Семей губерниялық партия шешімімен жүзеге асып, Өлкелік партия комитеті бұған еш қатысы жоқ, ол тек қателіктердің алдын алу және жою шараларына кеш кіріскен» деген қорытындыға келіп, Голощекиннің бұған еш қатысы жоқтығын көрсетуге тырысты (Қозыбақова 1999: 40).

Голощекин Жоғарғы соттың Қазақ бөлімшесінің бастығы Бекбатыровты тексеруге жібереді. Бекбатыровтың жасаған есебінде Семей губерниясында орын алған кемшіліктерді, әсіресе тәркілеу мен салық салудағы заңсыздықтарды тоқтату туралы ұсыныстарын Беккер орындамайды.

Бекбатыровтың есебіне назар аударсақ, Тарбағатай ауданының азаматын тергеу барысында анықталған салықтың объектілерін анықтау тәсілдері былай көрсетілген<sup>8</sup>: «обычно фактическая проверка наличия скота уполномоченным не производилась, сведения о количестве скота записывались со слов посторонних лиц или, если скот подсчитывался, то с обязательной припиской некоторого количества, которые по мнению уполномоченного должно было выражать приплод текущего года, хотя этого приплода на самом деле и не было; причем количество несуществующего приплода определялось исключительно соображениями уполномоченного. Приписывали скот съеденный и проданный в 26-27 годах, подгоняя количество скота к нужной цифре; учитывали одно и то же хозяйство до четырех раз в году; объединяли в одно целое хозяйства разделившиеся еще до 17 года. На ряду с этим применялись и прямое насилие, угрозы и провокация – сажали с целью вынудить граждан показать несуществующий скот, уговаривали показать, якобы скрытый скот, указывали: «можете прятать скот, все равно советская власть оставит девять баранов, 2 коров и 1 лошадь, все остальное отберет»»

Сонымен қатар, Бекбатыровтың баяндауы бойынша Қылмыстық кодекстің 62 бабының, 2 бөлігі бойынша айыппұл көбінде орташаларға ғана салынған<sup>9</sup>: «62 баптың 2 бөлігі негізінде қарастырылған 133 істі зерттеу барысында, осы бап бойынша сотталғандардың бәрі әлсіз орташалар мен кедейлер болған. Губерния бойынша бұл бап бойынша айыппұл 162 мың 503 сомды құраған. Барлық осы істер бойынша заң бұзылып, шаруалар бірнеше есе көп айыппұл төлеген.

а) аз. Омаров, 73 қой, 8 жылқы, 5 түйесі бар. 23 қой, 2 түйе, 1 жылқы жасырғаны үшін 220 сом айыппұл салынған. Тыққан мал үшін салық 20 сом 70 тиын болғандықтан, ол 41 сом 40 тиын төлеу керек болатын;

ә) аз. Керижбаев (мал саны туралы мәлімет жоқ) 35 қой жасырғаны үшін 1769 сом айыппұл салынған. Ол жасырған мал үшін көп дегенде 22 сом 75 тиын төлеуі қажет болатын;

б) аз. Мамтеев 7 қой жасырғаны үшін 7 сомның орнына 260 сом айыппұл төлеген».

Сонымен қатар, Бекбатыровтың айтуынша, «107 бап бойынша айыпталғандар – орташалар. Кампания барысында Семейдің тек 5 учаскелік Халық соты бойынша 575 адам сотталған, оның 488-і орташа, 71-і кедей. 150 адам бас бостандығынан айырылған, 64 адам шартты түрде, 235 адамға айыппұл салынған»<sup>10</sup>.

<sup>8</sup> ШҚО ҚЗТҚО. 74 – қор, 1 – тізбе, 45 – іс, 5 п.

<sup>9</sup> ҚР ПМ. 141 – қор, 1 – тізбе, 1689 – іс, 6 п.

<sup>10</sup> ҚР ПМ. 141 – қор, 1 – тізбе, 1689 – іс, 8 п.



Міне, бұл нақты деректерден нақты қысым орташалар мен кедейлерге де бағытталғанын көруге болады. Бұл шаралар қазақ халқының әлеуметтік жағдайын төмендетіп, экономиканы құлдыратуға алғышарт жасады.

Жалпы тәркіленген байлардың анкеталық мәліметтері, олардың туған жылы, білімі, отбасылық жағдайы, саяси мінездемесі, тәркіленген малдары мен мүліктері туралы толық мәліметтер береді. Сондықтан, қазақ қоғамының экономикалық тірегі болған және дәстүрлі мал шаруашылығының дамуына ықпалын тигізген байлар тобы кеңес өкіметінің қуғын – сүргін саясатының негізгі нысанына айналды.

#### Әдебиеттері тізімі / Список литературы

1. Әлеуметтік ұйым. Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуы. [Электронный ресурс] // National digital history of Kazakhstan. – URL: [www.e-history.kz/kz/contents/view/aleumettik\\_uuim\\_\\_1514](http://www.e-history.kz/kz/contents/view/aleumettik_uuim__1514) (Дата обращения: 16.05.2018).
2. Қозыбақова Ф.А. Қазақстан ауыл шаруашылығы «қанаушы таптарды» және жекешелер қожалықтарын жою: тарихы мен салдарлары. 1926-1933 жж.: Тарих ғыл. канд.... дисс. – Алматы, 1999.
3. Жумабаева Ж.К. Кеңестік тоталитарлық жүйенің Қазақстан ауыл шаруашылығы қаржыландыру және салық саясаты: тарихы, сабақтары (1926-1937 жылдар): Тарих ғыл. канд.... дисс. – Алматы, 2000.

#### Reference

- Aleumettik uyym Nd – *Aleumettik uyym. Kazakh kogamynyn aleumettik-ekonomikalyk damuy* Nd, retrieved 16 of May 2018, [www.e-history.kz/kz/contents/view/aleumettik\\_uuim\\_\\_1514](http://www.e-history.kz/kz/contents/view/aleumettik_uuim__1514). (*Social system. Social and economy of Kazakh society* Nd, retrieved 16 of May 2018, [www.e-history.kz/kz/contents/view/aleumettik\\_uuim\\_\\_1514](http://www.e-history.kz/kz/contents/view/aleumettik_uuim__1514)). (*in Kaz*).
- Kozybakova 1999 – Kozybakova, FA 1999, *Kazakhstan aul sharuashylygy «kanaushy taptardy» zhane zhekesheler kozhalyktaryn zhoyu: tarikhy men saldarlary. 1926-1933 zhzh*, Tarikh gyl. kand.... diss., Almaty. (Kozybakova, FA 1999, *Social system. Social and economic development of the Kazakh society Kazakh aul and liquidation of private farms: history and consequences. 1926-1933*, Tarikh gyl. kand.... diss., Almaty). (*in Kaz*).
- Zhumabayeva 2000 – Zhumabayeva, ZhK 2000, *Kenestik totalitarlyk zhuyenin Kazakhstan aul sharuashylygy karzhylandyru zhane salyk sayasaty: tarikhy. sabaktary (1926-1937 zhyldar)*, Tarikh gyl. kand.... diss., Almaty. (Zhumabayeva, ZhK 2000, *Agricultural financing in the Soviet totalitarian system and tax policy of Kazakhstan: history, lessons (1926-1937)*, Tarikh gyl. kand.... diss., Almaty). (*in Kaz*).